

6B01402-Еңбекке баулу және кәсіпкерлік негіздері (IP)

Тіркеу нөмірі	6B01400306
Білім беру саласының коды және жіктелуі	6B01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	6B014 - Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	B007-Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
БББ түрі	Инновациялық
ББХСЖ бойынша деңгейі	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СБШ бойынша деңгейі	6
Оқыту тілі	Қазақ, орыс
БББ көлемі	240 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО(ҚДББ)	-

БББ мақсаты	Шығармашылық өзін-өзі көрсетудің әртүрлі нысандары мен практикаларын, сондай-ақ кәсіпкерліктің қазіргі заманғы теориясы мен практикасын игеруге бағытталған, еңбекке баулу саласында ресми және бейресми білім беруді іске асыруға қабілетті кәсіби педагогты даярлау.
БББ міндеттері	- қоғамда әлеуметтік-жауапкершіліктік тәртіпті қалыптастыру, кәсіби әдеп нормаларының маңыздылығын түсіне білу және оны сақтау; - өзінің кәсіби қызметі барысында өзгермелі жағдайларға сәтті бейімделуге мүмкіндік беретін дағдылар мен өмір бойы оқу дағдыларын қамтамасыз ету; - жалпы жоғары интеллектуалдық даму деңгейіне жету үшін жағдай жасауды, сауатты, әрі жетік сөйлей білуді, ойлау мәдениеті мен білім саласында еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдыларымен қамтамасыз ету; - түлектердің білім саласындағы бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру, олардың мамандықтары бойынша тезірек жұмысқа орналасу мүмкіндігін қамтамасыз ету немесе білім берудің келесі деңгейлерінде білім алу; - сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әлауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.
БББ үйлесімділігі	• Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6- деңгейі; • 6- біліктілік деңгейінің Dublin Descriptors; • Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1 циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area); • Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6 деңгейі (The European Qualification Framework for Lifelong Learning).

БББ кәсіби саламен байланысы	ҚР БҒМ 2019 жылғы 27 қарашадағы №3 «Білім» саласының салалық біліктілік шеңбері. Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы 2022 жылғы 25 желтоқсандағы № 500 бекіткен «Педагог» кәсіби стандарты. Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы.
Берілетін дәреженің атауы	Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге 6B01402-Еңбекке баулу және кәсіпкерлік негіздері (IP) білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры» дәрежесі беріледі.
Біліктілік пен лауазымдар тізімі	6B01402-Еңбекке баулу және кәсіпкерлік негіздері (IP) бакалаврлары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338-нқ (2017 жылғы 12 мамырда және 2018 жылғы 31 қазанда өзгертілген және толықтырылған) министрінің бұйрығымен бекітілген мұғалімдер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының типтік біліктілік сипаттамаларына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптарды ұсынбай, көркемөнер мұғалімі, көркем және шығармашылық үйірмелер жетекшілерінің бастапқы лауазымдарын иелене алады.
Кәсіби қызмет саласы	Кәсіби қызмет саласы білім беру саласы болып табылады.
Кәсіби қызмет нысандары	Бітіруші түлектердің кәсіби қызмет нысаны: білім беру үдерісіне қатысты келесі мекемелерде тұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың нысандары мен құралдары: - орта мектеп, лицей, гимназиялар; - кәсіптік лицейлер, жұмыскерлер мен мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру орталықтары мен халықты жұмыспен қамту орталықтары; - орта арнайы оқу орындары, инновациялық колледждер; - мектептен тыс ұйымдары; - ғылыми-зерттеу мекемелері; - жергілікті және аймақтық кәсіптік бағдар беру және кадрларды қайта даярлау орталықтары; - білім беру басқармалары болып табылады.
Кәсіби қызмет пәні	Көркем-шығармашылық бағыттағы жалпы білім беретін және арнайы оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру және өткізу; студенттердің қатысуымен ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру.
Кәсіби қызмет түрлері	– білім беру (оқытушылық және тәрбиелік педагогикалық); – ұйымдастырушылық және коммуникативтілік; – тәрбиелік және басқарушылық; – жобалық; – ғылыми-зерттеу
Оқыту нәтижелері	ОН1 Қазіргі ғылымның тарихи-саяси, философиялық, әлеуметтанулық, мәдениеттанулық және психологиялық аспектілерінің заңдылықтарын, фактілері мен құбылыстарын, Абайтану ережелерін еңбекке баулу және кәсіпкерлік саласындағы білім беруді байыту үшін талдау. ОН2 Заманауи ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды пайдалану, мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде арт-білім беруді дамытудың проблемалары мен перспективалары

бойынша өз пікірін дәлелдеу, сондай-ақ зерттелетін салада одан әрі оқытуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдыларын меңгеру.

ОН3 Еңбек және кәсіпкерлік саласындағы оқу-практикалық және кәсіптік міндеттерді шешу үшін экономика және кәсіпкерлік, құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, экология және өмір тіршілік қауіпсіздігі саласындағы талдау әдістерін қолдану, сондай-ақ академиялық адалдық қағидаттары мен мәдениетінің маңыздылығын түсіну.

ОН4 Әртүрлі жастағы балалардың физиологиялық дамуы негізінде педагогикалық-психологиялық зерттеулер, өзара іс-қимыл және коммуникация, бағалау және даму негіздерін, сонымен қатар еңбекке баулу және кәсіпкерлік саласындағы инклюзивті білім беруді меңгеру.

ОН5 Материалдарды өңдеу технологиясы, цифрлық электротехника және электроника бойынша жасанды интеллект элементтерін пайдалана отырып, білім алушылардың ғылыми зерттеулері мен оқу жетістіктерінің әдістерін пайдалану;

ОН6 Педагогикалық және шығармашылық қызметте сурет, кескіндеме, композиция, өнер тарихы, инженерлік графика және сызба геометриясы, түрлі материалдарды өңдеу технологиясы, үй және тамақтану мәдениеті саласындағы білімі мен практикалық дағдыларын қолдану.

ОН7 Арт-менеджмент пен кәсіпкерліктің, маркетингтің, жарнаманың фактілері мен заңдылықтарын талдау, оларды мектептің оқу-тәрбие процесінде және өз қызметінде қолдану, сондай-ақ өзін-өзі тәрбиелеуге қажетті оқыту дағдыларына ие болу.

ОН8 Білім алушыларды оқу-әдістемелік қызметті ынталандыратын құндылықтар жүйесімен таныстыру арқылы еңбекке баулу және кәсіпкерлік саласындағы оқу процесін жүзеге асыру;

ОН9 Сурет және кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер (түрлері бойынша), мүсін, керамика, дизайн, өнердің цифрлық формалары саласында колористика мен тұстану негізінде шығармашылық жұмыс жасау.

ОН10 Шығармашылық орта құру және оқу-зерттеу жобаларын іске асыру мақсатында еңбекке баулу және кәсіпкерлік саласындағы отандық және әлемдік білім беру әдістері мен технологияларын жалпылау.

ОН11 Қолмен және машиналық әдістерді қолдана отырып, жобалау және макеттеу саласында сызбаларды, бұйымдар схемаларын және басқа да графикалық құрылымдарды жасау әдістемесін меңгеру.

ОН12 Еңбекке баулу және кәсіпкерлікті оқытудың әлемдік және отандық әдістемесінің соңғы жетістіктерін өзінің оқытушылық қызметінде пайдалану.